

**Респираторлы дистресс-
синдромының
медикаментозды
терапиясы**

Респираторлы дистресс синдромының (РДС) бір себебі өкпе ісінуі болып табылады. Ол жүрек-қантамыр жүйесінің ауруларында, өкпенің химиялық дәрілермен зақымдануында, бірқатар жұқпалы ауруларда бүйректің бауырдың патологиясында, мидың ісінуінде дамуы мүмкін.

Өкпе ісінуін емдеу негізгі ауруын интоксикациясының сипатын ескеріп жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар өкпенің кардиогендік ісінуін және соған байланысты гипоксияны патогенетикалық емдеудің аса маңызы үрдістерін бөліп қарастыруға болады.



- Өкпе ісінуін емдеуде опиоидты анальгетиктер морфин, фентанил, таламонал қолданылады.
- Опиоидты анальгетиктедің патологиядағы тиімділігі:
- Шеткерлік артериялар мен веналардың кеңеюін шақырады және соған сәйкес жүрекке веналық қайту азаяды. Кіші қанайналым шеңберінде қысымның төмендеуіне әкелетін қанның қайта бөлінуі жүреді. Нәтижесінде өкпе ісінуінде оң әсер береді.



● Жоғары артериялық қысымдағы өкпе ісінуін азайтудың негізгі мәселесі-оны төмендету. Осы мақсатта қолданылатын дәрілер:

● *Ганглиоблокаторлық дәрілер* (гигроний, гентамин, бензогексоний)

● *Тамырларды кеңейтетін миотропты әсерлі дәрілер* (натрий нитропруссии);

● *α-аденоблокаторлық белсенділігі бар дәрілер* (фентоламин, дипразин)



- **Осы дәрілердмен артериялық қысымның төмендеуіне байланысты жалпы гемодинамика қалыпқа келеді, жүрек жұмысының тиімділігі жоғарылайды, кіші қанайналым шеңберінде қысым төмендейді..**

- Өкпе ісінуін айналымдағы қан көлемінің гипотензиялық белсенділіктері бар бірқатар белсенді және жылдам әсер ететін зәр айдағыш дәрілер (фуросемид, этакрин қышқылы) көмегімен азайтуға болады



- **Өкпе ісінуінде және оның қуыстарында көбік пайда болғанда шұғыл араласуды талап ететін айқын гипоксия дамиды. Көрсетілген дәрілер топ дәрілерімен қатар көбікті басатын дәрілер қолданылады. Соңғысына ингаляциялық жолмен енгізгенде көбік көпіршіктерінің беттік керілуін төмендететін және оны аз көлем алатын сұйыққаайналдыратын этил спирті жатады.**



- **Этил спирттің буынмен мұрын катетері немесе маска арқылы тыныс алдырады. Этил спиртінің аталған жағдайдағы кемшілігі- тыныс жолдарының шырышты қабаттын тітіркендіру.**

- Өкпе ісінуін емдеуде қолданылатын дәрілер кешенінің жиі қолданылатын компоненті қабынуға қарсы және иммунодепрессивті әсер көрсететін *глюкокортикоидтар* болып табылады.

- Өкпе ісінуінің барлық жағдайында емдеудің жан жақты әдісі **оксигендік ем**. Сонымен қатар белгілі көрсетулер бойынша өкпе ісінуін жою үшін жүрек гликозидтері қолданылады. Бірақ қос жақтаулы қақпақшаның стенозында жүрек гликозидтері мен жүрек жұмысының жоғарылауы кіші қан айналым шеңберіндегі іркілісті асқындыруы мен өкпе ісінуін күшейтуі мүмкін.



- **Жаңа туған нәрестелердің респираторлық дистресс синдромы** жедел тыныс жетіспеушілігінің бір көрінісі болып табылады. Әдетте, өкпеде арнайы альвеолалық жасушалар өкпе сұйықтығының беттік керілуін төмендететін және альвеола ұлпаларының майысқақтығы үшін маңызды рөл атқаратын-сурфактанттарды өндіреді.

- Жаңа туған нәрестеде сурфактанттардың жетімсіздігі оларда **респираторлы дистресс синдромының** себебі болуы мүмкін. Ол кезде газдардың альвеоларлы қылтамырлық мембрана арқылы таралуы бұзылады және жедел тыныс жетімсіздігі дамиды..



- Мұндай жағдайда жасанды тыныс алдыруымен қатар эндогенді сурфактанттарды жетімсіздігін қалпына келтіретін дәрілерді қолданады. Дәрілер сурфактантта тобына жататын сондай дәрінің бірі – кольфосцерил пальмитат. Дәріні кеңірдек ішіне, әдетте 2 реттен артық енгізбейді.

- Сонымен қатар, кейде ірі қара малдың өкпесінен алынған жоғары тазартылған сурфактант-альвеофакт қолданылады.
- Әр түрлі себепті респираторлы дистресс синдром ересектерде де (мысалы барбитураттармен, опиоидтармен уланғанда, кейбір жұқпалы ауруларда) кездеседі. Аурудың себебін анықтан және соған сәйкес патогенетикалық, әрі симптоматикалық емдеу жүргізу өте маңызды. Бұл жағдайда өпені жасанды тыныс алудағы маңызды оксигенация.

